

Бактиярова Райгуль Муратовнаның
«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін «Қазіргі медиадискурстағы «іскер әйел»
концептісі» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Қазіргі медиадискурстағы «іскер әйел» концептісі.

Зерттеу мақсаты: Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – қазақ және француз тілдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде заманауи медиадискурстағы «іскер әйел» концептісінің мазмұнын, құрылымын және тілдік репрезентациялану құралдарын айқындау болып табылады.

Зерттеу міндеттері: Алға қойылған мақсат мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

- заманауи медиадискурс ерекшеліктерін, қазақ және француз тілдік ғалам бейнелеріндегі «іскер әйел» образын қалыптастырудағы рөлін, қызметін айқындау;

- «іскер әйел» концептісі үлгісін фреймдік құрылым ретінде анықтау, аталған құрылымның слоттары мен кіші слоттарының мазмұндық жағын сипаттау;

- қазақ және француз тілдері медиадискурстарындағы «іскер әйел» концептісінің мән-мағыналық құрылымын талдау; этникалық ерекшеліктерді «іскер әйел» жайындағы ұлттық көзқарастарды айқындайтын когнитивтік стереотиптер жүйесі арқылы сипаттау;

- медиадискурстағы «іскер әйел» концептісін репрезентациялайтын негізгі тілдік амал-тәсілдерді айқындап талдау.

Зерттеу әдістері: жұмыста деректік материалды жинау барысында жаппай іріктеу әдісі, концептінің мазмұнын қарастыруда концептуалды талдау әдісі; алынған нәтижелерді интерпретациялаудан, талдау мен жіктеуден, тілдік құбылыстарды бақылаудан тұратын сипаттамалы-аналитикалық әдісі; концептіні фреймдік үлгілеу әдістері, сондай-ақ әлеуметтік лингвистикалық зерттеу әдістері (сауалнама, бақылау т.б.) қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. «Іскер әйел» концептісі – іскер әйел бейнесінің қалыптасуы іскери қарым-қатынас саласындағы әйелдер рөлі мен стереотиптер үдерісімен қатар, бұқаралық санадағы белгілі бір көзқарастар мен пікірлерге негізделген сан

алуан когнитивтік белгілерден тұратын күрделі менталды құрылым.

2. «Іскер әйел» концептісінің когнитивтік үлгісі бірнеше слоттан («қызмет ортасы/ кәсіби мамандық», «моральді-психологиялық сипаттамалар және іскери қабілеттер», «жеке өмірі мен сыртқы келбеті», «әлеуметтік ортасы мен материалдық әлем») тұратын сатылы тәуелді фрейм ретінде ұйымдастырылған, әрқайсысы өз алдына іскер әйелдерге тән типтік белгілерді айқындайтын микрослоттарға жіктелетін құрылым болып табылады.

3. Қазақтың менталдық лексиконында гендерлік стереотиптер мен жыныстық ерекшеліктердің өзгеше орын алатын себептері мынадай: а) кәсіпкерлік саласындағы әйелге деген қоғамдағы көзқарас пен қатынастың ер адамға қарағанда ерекшелігімен айқындалуы; ә) біздің қоғамдағы әйелдердің бизнес саласында, билік саласында және басқа да басқару органдарында саны бойынша артта қалуы; б) гендерлік теңсіздік дәрежесінің тарихи ұлттық менталитет негізінде қалыптасуы.

4. Қазақ және француз медиадискурсындағы «іскер әйел» когнитивтік өңдеу үрдісінен өтетін, іскер әйелге тән болып келетін қабілеттері, ақиқат болмыс туралы әдеттегі көзқарастар мен түсініктер, іскер әйел бейнесінің мәдени-тарихи салт-дәстүрлерге сәйкес үйлесуі, медиадискурстағы іскер әйел бейнесінің қалыптасу үдерісі «ер» мен «әйел» ұғымдарының өзектелуі шеңберінде тілдік құралдар арқылы сипатталатын мән-мағыналы құрылым.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- концептуалды ғалам бейнесінің маңызды бір бөлігі ретінде «іскер әйел» ұғымы отандық (қазақ) және шетел тіл білімінде (француз) алғаш рет кешенді түрде салғастырмалы тұрғыдан зерттелді;

- «іскер әйел» концептісінің ғаламның тілдік бейнесіндегі амал-тәсілдері медиамәтіндер материалдары негізінде талданды;

- қазақ және француз лингвомәдениетіндегі іскер әйел жайындағы негізгі типтік көзқарастарды айқындайтын екі елдің тілдік санасында аталмыш концептіні құрылымдайтын басты когнитивтік стереотиптер сипатталды;

- «іскер әйел» концептісінің құрылымдық және мазмұндық бірліктері айқындалды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі теориялық дереккөздерді зерделеу, ғылыми әдебиеттерге шолу жасау және бақылау арқылы қоғамның «іскер әйел» бейнесін қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін анықтау арқылы дәлелденеді.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі «Жас Алаш», «Егемен

Қазақстан», «Қазақстан әйелдері», «Le Monde», «Madame Figaro», «Marie Claire» газет – журналдарына талдау жасап, қазақ және француз тілді баспасөздегі «іскер әйел» концептісі жүзеге асуының ортақ және ерекше белгілерін анықтау.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі қазіргі қоғамдағы «іскер әйел» бейнесінің тілдік санада қалыптасуының ерекшеліктері, 300 респондент қатысқан сауалнама нәтижелері арқылы айқындалды.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі қазақ тілдік санасында іскер әйел, ең алдымен, аяулы ана, асыл жар, отбасы мен бизнесті қатар алып жүретін тұлға. «Іскер әйел» концептісінің базалық репрезентанттарының «іскер», «кәсіпкер» және «іскер әйел», «өз бизнесі бар әйел» сөздері мен сөз тіркестерінен тұратындығы анықталды.

Ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеудің негізгі идеясы медиалингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, мәдениаралық коммуникация, қазақ және француз тілдерінің лексикологиясы бойынша дәріс оқу барысында өз үлесін қосады. Диссертацияның негізгі практикалық қорытындыларын, нәтижелері мен тілдік материалдарын (медиадискурстың негізін құрайтын мәтіндер, концепт компоненттерін сипаттайтын материалдар) білім алу үрдісінде мамандар даярлауда пайдалануға болады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі бекіткен Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған талаптарға, білім беру жүйесін дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың сапасын арттыруға байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Франция Республикасының Еуропа және Сыртқы істер министрлігінің бірлескен «Абай-Верн» бағдарламасы аясында орындалды.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі (диссертация авторы жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен өлшенген үлесі көрсетілген):

Диссертацияның мазмұны 8 ғылыми еңбекте көрініс тапқан.

– Scopus халықаралық деректер қорына енгізілген жарияланымдар:

1. The concept of «Businesswoman» in French linguaculture and media discourse [Le concept de «femme d'affaires» dans la linguaculture et le discours médiatique français] // XLinguae. 2021. Vol. 14, Iss. 4. – P. 94-112. DOI:

10.18355/XL.2021.14.04.07. Издатель: Slovenska Vzdelavacia a Obstaravacia s.r.o. Q1, в 2020 г. (тіл және лингвистика 90%, лингвистика және тіл 89%) http://www.xlinguae.eu/files/XLinguae4_2021_7.pdf (бірлескен авторлар: Есенова К.У., Желтухина М.Р., Привалова И.В., Пономаренко Е.Б., докторанттың үлесі 80 %).

– ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған мақалалар:

2. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы медиалингвистиканың рөлі // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы. «Филология» сериясы. – Алматы, 2018. – №4 (172). – Б. 49-54 (докторанттың үлесі 100 %);

3. Медиа-мәтін және медиадискурс ұғымдарының арақатынасы жайында // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – Алматы, 2020. – №4/2. – Б. 264-268 (бірлескен автор: Есенова К.У., докторанттың үлесі 90 %);

4. Relationship between the concepts «Business woman» and «Successful woman» // Bulletin of the Karaganda university Philology series. – Karaganda, 2021. №3 (103) – P.48-54 (бірлескен автор: Есенова К.У., докторанттың үлесі 90 %).

– Халықаралық, соның ішінде шетелдік конференциялар материалдарының жинақтарындағы мақалалар:

5. Медиадискурстағы «іскер әйел» концептісінің тілдік репрезентациясы мен прецеденттік феномендердің жұмсалым ерекшеліктері // «Молодой исследователь: вызовы и перспективы». Сборник статей по материалам CLIX международной научно-практической конференции. – М.: Интернаука, 2020. – № 12 (159). – С.135-143 (бірлескен автор: Есенова К.У., докторанттың үлесі 90 %);

6. L'image de la femme dans les proverbes kazakhs // Regards croisés France-Asie centrale : l'enseignement des langues étrangères à l'université, Cahier de MIMMOC de l'université de Poitiers. – France, 2021. – №25. <https://doi.org/10.4000/mimmoc.9123> (докторанттың үлесі 100 %).

– ғылыми мақалалар жинақтарындағы жарияланымдар:

7. Медиадискурс түрлері жіктелімінің белгілері // 10th Eurasian Conferences on Language and Social Sciences. – Almaty, 2020. – P.306-313. e-ISBN 978-625-409-847-5 (бірлескен автор: Есенова К.У., докторанттың үлесі 90 %).

– оқу-әдістемелік құралдар:

8. Медиадискурстың әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерттелуі // Алматы, 2021. – 54 б (докторанттың үлесі 100 %).

Сонымен қатар мынадай баяндамалар жасалған:

- Пуатье университеті ұйымдастырған «Langue et Civilisation. Connaître un pays à travers sa constitution et ses lois» (Тіл және өркениет. Елді Конституциясы мен заңдары арқылы таны») атты семинар аясында «L'égalité des droits du travail et les opportunités offertes aux femmes au Kazakhstan» («Қазақстандағы әйелдердің тең еңбек құқықтары мен мүмкіндіктері») 11.07.2019;

- Van Yüzüncü Yıl Universiti (Түркия) ұйымдастырған Халықаралық түркология зерттеу симпозиумында “«Іскер әйел» және «табысты әйел» ұғымдарының арақатынасы” 25.11.2020.